

**М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университетінің
кезектен тыс
ғылыми кеңесінің
№3 ХАТТАМАСЫ
18 қараша 2025 ж.**

**Западно-Казахстанский
университет им. М.Утемисова
заседание внеочередного
ученого совета
ПРОТОКОЛ №3
18 ноября 2025 г.**

Өткен орны: 205-мәжіліс залы

Кеңес төрағасының орынбасары: Г.С. Қайсағалиева

Ғылыми хатшы: А.С.Ниетова

Қатысқандар: ғылыми кеңестің 19 мүшесі

Қатыспағандар: ғылыми кеңестің 2 мүшесі (себепті)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі жариялаған «Үздік ғылыми қызметкер» конкурсына үміткерлер ұсыну туралы. *Қ.М. Ахмеденов – ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор*
2. Ғылым саласындағы сыйлықақылар, мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға арналған конкурсқа үміткерлер ұсыну туралы. *Қ.М. Ахмеденов – ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор*
3. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі жариялаған «ЖОО-ның үздік оқытушысы» байқауына үміткерлер ұсыну туралы. *Қ.М. Ахмеденов – ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор*

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М. Ахмеденов ғылыми кеңес мүшелерін Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан ұйымдастырылып отырған «Үздік ғылыми қызметкер» конкурсына қатысуға өтініш білдірген философия докторы (PhD) С.С. Бакиевтің кандидатурасымен таныстырып, аталған оқытушының құжаттары байқау талаптарына сай екенін атап көрсетіп, кеңес мүшелерінен осы үміткерді қолдауды сұрады (құжаты тіркелді).

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева кеңес мүшелерінің аталған үміткердің кандидатурасына қатысты қандай да бір ұсыныс пікірлері бар ма деп сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері үміткердің құжаттарымен алдын ала танысқандарын айтып, «Үздік ғылыми қызметкер» конкурсына ұсынылып отырған үміткердің кандидатурасын дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Философия докторы (PhD) С.С. Бакиевтің кандидатурасы «Үздік ғылыми қызметкер» конкурсына ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М.Ахмеденов ғылыми кеңес мүшелерін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті жариялаған ғылым саласындағы сыйлықақылар, мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға арналған конкурсқа қатысуға өтініш білдірген он үміткердің (оның ішінде қырық жасты қоса алғанда) кандидатуранымен таныстырып, аталған оқытушылардың құжаттары байқау талаптарына сай екендігін атап көрсетіп, кеңес мүшелерінен осы үміткерлерді қолдауды сұрады (құжаттары тіркелді).

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева кеңес мүшелерінің аталған үміткерлердің кандидатурасына қатысты қандай да бір ұсыныс пікірлері бар ма деп сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ғылым саласындағы сыйлықақылар, мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға арналған конкурсқа ұсынылып отырған үміткерлердің құжаттарымен алдын ала танысқандарын айтып, олардың кандидатурасын дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті жариялаған ғылым саласындағы мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға арналған конкурсқа қатысуға төмендегі үміткерлер ұсынылсын:
 1. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, БҚУ профессоры З.Ж. Мутиев ғылым саласындағы мемлекеттік ғылыми стипендияға;
 2. Философия докторы (PhD) И.С. Султаниязова ғылым саласындағы мемлекеттік ғылыми стипендияға;
 3. Философия докторы (PhD) А.А. Акбулатов ғылым саласындағы мемлекеттік ғылыми стипендияға;
 4. Философия докторы (PhD) К.Р. Кажимова ғылым саласындағы мемлекеттік ғылыми стипендияға;
 5. Философия докторы (PhD) К.Б. Жумашева талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияға;
 6. Философия докторы (PhD) С.Ж. Бахтиярова талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияға;
 7. Философия докторы (PhD) С.С. Бакиев талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияға;
 8. Философия докторы (PhD) М.Д. Кабибуллин талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияға;
 9. Аға оқытушы, магистр А.С. Мырзағалиева талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияға;
 10. Философия докторы (PhD) Г.М. Айтенова талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияға.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті жариялаған ғылым саласындағы сыйлықақылар алуға арналған конкурсқа қатысуға төмендегі үміткерлер ұсынылсын:
 1. Философия докторы (PhD) С.С. Бакиев жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған Д.А. Қонаев атындағы сыйлыққа.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М.Ахмеденов ғылыми кеңес мүшелерін Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2025» байқауының университетішілік кезеңіндегі конкурстық комиссияның 14.11.2025 жылғы №1 хаттамасына сәйкес іріктеу нәтижесіне тоқтала келе, республикалық байқауға қатысуға ұсынылып отырған екі үміткердің кандидатурасымен таныстырып, аталған оқытушылардың құжаттары байқау талаптарына сай екенін атап көрсетіп, кеңес мүшелерінен осы үміткерлерді республикалық байқауға ұсыну үшін қолдауды сұрады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы - 2025» университетішілік комиссиясының мүшесі, филология факультетінің деканы А.А. Акбулатов ұсынылып отырған үміткерлердің факультеттерде іріктелгенін және комиссия олардың барлық құжаттарын мұқият қарағанын, комиссия қарауына келіп түскен сегіз үміткердің ішінен, комиссия мақұлдаған балы жоғары екі үміткердің кандидатурасын республикалық кезеңге ұсынуды қолдайтынын білдірді.

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева кеңес мүшелерінің аталған үміткерлердің кандидатурасына қатысты қандай да бір ұсыныс пікірлері бар ма деп сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері үміткерлердің құжаттарымен алдын ала танысқандарын айтып, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2025» байқауының республикалық кезеңіне қатысуға ұсынылып отырған үміткерлердің кандидатурасын дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Республикалық «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2025» байқауына қатысуға төмендегі кандидатуралар ұсынылсын:

1. Сейтенова С.С. – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент);
2. Хажғалиева Г.Х. – философия докторы (PhD).

**Кеңес төрағасының
орынбасары:**



Г.С. Қайсағалиева

Ғылыми хатшы:



А.С.Ниетова

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің
2025 – 2026 оқу жылындағы**

қатысу парағы

18.11.2025 ж.

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысуы
1.	Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы	басқарма төрағасы-ректор	себебті
2.	Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы	тарих ғылымдарының докторы, академик	
3.	Қайсағалиева Гүлжахан Смайылқызы	академиялық мәселелер бойынша проректор	Көкеев
4.	Ахмеденов Қажымұрат Мақсотұлы	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор	
5.	Сүлейменов Мерген Қуанышұлы	ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор	
6.	Бекжанова Жадыра Мұратқызы	БҚО білім басқармасы мектеп бөлімінің басшысы	себебті
7.	Хусаинов Мерғали Серғазыұлы	ардагерлер кеңесінің төрағасы	
8.	Ниетова Айгүл Серікқызы	ғылыми хатшы	
9.	Қажиахметов Салауат Абайұлы	кәсіподақ ұйымының төрағасы	
10.	Есенғалиева Алмагүл Нәсіпқалиқызы	физика-математика факультеті деканының м.а.	
11.	Тұрғымбаев Ақан Асқарұлы	жаратылыстану-география факультетінің деканы	
12.	Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы	педагогика факультетінің деканы	
13.	Қажымова Қарлығаш Рахымқызы	мәдениет және өнер факультетінің деканы	Чокмб
14.	Ақболатов Айдарбек Ахметұлы	филология факультетінің деканы	
15.	Испулова Роза Нәбиқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	
16.	Искакова Балым Габбасқызы	экономика ғылымдарының кандидаты, доцент	
17.	Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	
18.	Кульжумиева Айман Амангелдіқызы	физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)	
19.	Сагидуллаев Дарын Зайнуллаұлы	БҚУ жас ғалымдар кеңесінің төрағасы	
20.	Ибатова Айнара Айтқалиқызы	музыкалық білім беру бағдарламасы- ның 1-курс магистранты	
21.	Нұрболат Нұржол Ерланұлы	физика-математика факультетінің 3-курс студенті, студенттік ректор	